

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 198 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 сәуірде № 16789 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Еңбек
әлеуметтік

және
қорғау
М.

" К Е Л І С І Л Г Е Н "
Республикасының
халықты
министрі
Әбілқасымова

2018 жылғы 2 сәуір

" К Е Л І С І Л Г Е Н "
Республикасының

Қазақстан
Сыртқы істер министрі

----- Қ. Әбдірахманов

2018 жылғы 5 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 28 наурыздағы
№ 198 бұйрығымен
бекітілген

**Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 251-І бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1956 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру ережесінде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мұнайдан болатын ластанудан залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) түзетулер енгізілген 1969 жылғы Мұнаймен ластанудан келтірілген зияны үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – Конвенция) және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген."

2. "Аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 137 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6883 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар актілерінің жиынағында жарияланған 2011 жылғы, № 5):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасында:

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Олардың сыныптары және жасайтын рейс мазмұнына қарамастан жолаушылар таситын кемелердің конструктивті өртке қарсы қорғанысы түзетулер енгізілген 1974 жылғы Теңіздегі адам өмірін қорғау туралы халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – СОЛАС-74) сәйкес болуы тиіс.";

77-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық рейстер жасайтын кемелерге де, СОЛАС-74 және MSC (267(85)) қарарымен қабылданған, түзетулер енгізілген, 2008 жылғы Зақымданбаған жағдайдағы кемелердің орнықтылығының халықаралық кодексінің талаптарын орындау міндетті болып табылады.";

106-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"106. Осы бөлімнің талаптарын орындау каботажды және халықаралық рейстерді жүзеге асыратын кемелерге орындау міндетті болып табылады. Халықаралық рейстерді жүзеге асыратын кемелерге де СОЛАС-74 талаптарын орындау міндетті болып табылады.";

135-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық рейстер жасайтын кемелерге түзетулер енгізілген, 1988 жылғы Хаттамамен өзгертілген, 1966 жылғы Жүк маркасы туралы халықаралық конвенцияның (бұдан әрі – ЖМК 66/88) тиісті талаптары қолданылады.";

231-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"231. Осы тараудың талаптары каботажды рейстерді жүзеге асыратын кемелерде орындауға міндетті болып табылады. Халықаралық рейстер жасайтын кемелер үшін,

сондай-ақ "М-СП" сыныпты жолаушылар таситын кемелер үшін олармен жасалатын рейстердің сипаттамасына қарамастан СОЛАС-74 және ИМО Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC 48(66) қарарымен қабылданған, Құтқару құралдар жөніндегі халықаралық кодекс (бұдан әрі – ҚҚХК) талаптарын орындау міндетті болып табылады.";

254-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"254. Аралас суларда жүзетін кемелер ішкі су жолдарымен жүзу кезінде қажет ететін сигналды құралдармен және жүзеге асырып жатқан рейстің сипаттамасына қарамастан (каботажды немесе халықаралық) түзетулер енгізілген Теңізде кемелердің соқтығысуын ескерту халықаралық қағидалар туралы конвенцияның (бұдан әрі – ТКСЕХК-72) ережелеріне сәйкес теңіз аудандарында жүзу кезінде талап етілетін сигналды құралдармен жабдықталады.";

297-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"297. Осы бөлімнің талаптары каботажды рейстерді жасайтын кемелерге қолданылады. Халықаралық рейстер жасайтын кемелер үшін СОЛАС-74 талаптарын орындау міндетті болып табылады.";

307-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) апат кезіндегі және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін байланыстың ғаламдық теңіздік жүйесі (бұдан әрі – АКБҒТЖ) – Халықаралық теңіз ұйымымен әзірленген, талаптары СОЛАС-74 "Радиобайланыс" 4-тарауында көзделген және Қағиданың осы бөлігіне радиобайланыстың халықаралық жүйесі";

351-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"351. Әрбір апатты радиобуйды орнату орнына жақын СОЛАС-74 талаптарына сәйкес жақсы көрінетін радиобуй символы көзделеді.";

356-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"356. Екі жақты радиотелефон байланысының УҚТ-аппаратурасын сақтау және орналастыру орнына жақын СОЛАС-74 талаптарына сәйкес жақсы көрінетін символдар көзделеді.".

3. "Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 214 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6967 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2011 жылғы 30 маусымда № 92 (2082) жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағидасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы осы қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабы 3-тармағының 49) тармақшасына және түзетулер

енгізілген 1988 жылғы Хаттамамен өзгертілген, 1966 жылғы Жүк маркасы туралы халықаралық конвенцияға (бұдан әрі – Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция) сәйкес әзірленді және Кеме қатынасының тіркелімімен техникалық бақылауға жататын кемелердің су үсті бортының мақсатын, куәландыру және бортқа жүк маркаларын салу тәртібін айқындайды."

4. "Теңіз кемелерін сыныптау және жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 273 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6982 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері нормативтік құқықтық бюллетенінде жарияланған, 2013 жыл, № 8, 49-күжат.):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз кемелерін сыныптау және жасау қағидаларында:

6-тармақта:

325), 326) және 327) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"325) ПЯО жүгі – ҚЖТТХК кодексінің 7-сыныбына сәйкес жүк ретінде тасымалданатын орамадағы пайдаланылған ядролық отын, плутоний және жоғары радиоактивті қалдықтар;

326) ҚЖТТХК – түзетулер енгізілген, ИМО Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC. 122(75) қарарымен қабылданған, Қауіпті жүктерді теңізбен тасымалдаудың халықаралық кодексі;

327) АЖТТХК – түзетулер енгізілген, ИМО Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC. 268(85) қабылданған Үйінді жүктерді теңізбен тасымалдаудың халықаралық кодексі;"

329) және 330) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"329) қауіпті жүктер – ҚЖТТХК қамтитын заттар, материалдар және бұйымдар;

330) үйінді қауіпті жүктер – ҚЖТТХК қолданылатын құрамы бойынша біркелкі және тікелей кемеңіз жүк үй-жайларына қандайда бір аралық ыдысты пайдаланбай тиелетін кез келген материалдар, басқа да бөлшектер, түйіршіктер немесе аса ірі кесек материалдар қоспасынан тұратын сұйықтық немесе газ, соның ішінде кеме баржаларына тиелген осындай материалдар;"

333) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"333) орама – ҚЖТТХК белгіленген жүк ыдысы.

техникалық жағдайын диагностикалау – техникалық жағдайына мониторинг жүргізген кезде диагностикалау параметрінің ауытқу себептерін анықтау және/немесе техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру және нақты жағдайы бойынша жөндеу мақсатында әдетте бөлшектемейтін әдістермен ақаулықтарды анықтау процесі;"

82-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Кемеде түзетулер енгізілген, 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның (бұдан әрі – СОЛАС-74) XI-1/3 Қағидасының талаптарына сәйкес ИМО тану нөмірінің орналасу сызбасы (жалпы сыйымдылығы 100 және одан астам барлық жолаушылар кемелері мен жалпы сыйымдылығы 300 және одан астам барлық жүк кемелері үшін).";

100-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) СОЛАС-74 XI-1/3 Қағидасының талаптарына сәйкес кемеде ИМО тану нөмірін орналастыру сызбасы (жалпы сыйымдылығы 100 және одан астам барлық жолаушылар кемелері үшін және жалпы сыйымдылығы 300 және одан астам барлық жүк кемелері үшін).";

665-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) кемелердің алдыңғы бөлігінде су үсті бортының палубасынан жоғары орналасқан бак бар. Егер жоғарыда көрсетілген талап жүк операцияларын шектейтін болса, бактың ұзындығы Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағиданың 4-тармағының 12) тармақшасымен көзделген алдыңғы жағының перпендикулярларынан бастап артқы жақта кеменің ұзындығы көлемінде кемінде 7 % құраған жағдайда, бактың артқы жақтық қалқаны алдыңғы жүк трюмінің алдыңғы қалқанынан бастап алға жылжытылуы мүмкін. Бактың биіктігі түзетулер енгізілген, 1988 жылғы аталған конвенцияға Хаттаманы есепке алып, 1966 жылғы Жүк маркасы туралы халықаралық конвенцияға сәйкес белгіленген стандартты биіктіктен емес немесе қайсысының көптігіне байланысты №1 алдыңғы трюмнің көлденең алдыңғы комингсінен 0,5 м-ге жоғары болуы тиіс. Бұл ретте, кеме корпусының барлық ені бойынша бак палубасының артқы жақтық жиегі және № 1 алдыңғы трюм люгінің көлденең алдыңғы комингі арасындағы ара қашықтық мынадай формула бойынша анықталатын шамадан, м, аспауы тиіс:

$$l_F = \sqrt{H_F - H_C}$$

, (209)

мұнда H_F – бактың биіктігі, м;

H_C – № 1 алдыңғы трюм люгінің көлденең алдыңғы комингсінің биіктігі, м.

Көлденең алдыңғы комингсті және № 1 алдыңғы трюмнің люк қақпақтарын қорғау үшін бактің палубасына толқын кескішті орнатуға жол берілмейді. Басқа мақсаттар үшін толқын кескішті орнату қажет болған жағдайда толқын кескіштің бактың палубасы артқы жақтық жиегінен диаметрлі жазықтықта оның биіктігінен кемінде 2,75 тұруы тиіс";

1890-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мұнай құйғыш жүк кемелерінде:

ұзындығы $L_1 > 225$ м кезде – кеме ұзындығы бойымен кез келген жерде;

ұзындығы $L1 > 150$ астам, бірақ 225 м астам емес кезде – машина бөлімшесі артқы жағында орналасқан жағдайда, оны қоспағанда, кеме ұзындығы бойымен кез келген жерде. Мұндай машина бөлімшесі жекелеген су басу бөлігі ретінде қарастырылады;

ұзындығы $L1 \leq 150$ м кезде – машина бөлімшесін қоспағанда, көршілес көлденең қоршаулар арасындағы кеме ұзындығы бойымен кез келген жерде;

3 үлгідегі химия тасығыштардікіндей, түзетулер енгізілген МАРПОЛ-73/78 Конвенцияға 2-қосымшасының ережелері қолданылатын Y санатты заттарды тасымалдаған жағдайда;"

2062-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мұнай құю кемелерінде:

ұзындығы $L1 > 225$ м кезінде – кемеңің ұзындығы бойынша кез келген жерде;

ұзындығы $L1 > 150$ -ден астам, бірақ 225 м астам емес кезде – машина бөлімшесі артқы орналасқан жағдайда, оны қоспағанда, кемеңің ұзындығы бойынша кез келген жерде. Мұндай машина бөлімшесі жеке су басу бөлігі ретінде қарастырылады;

ұзындығы $L1 \leq 150$ м кезде – машина бөлімшесін қоспағанда, көршілес көлденең қоршаулар арасындағы кемеңің ұзындығы бойынша кез келген жерде;

3 үлгідей химиялық тасығыштардікіндей, түзетулер енгізілген МАРПОЛ-73/78 Конвенцияға II қосымшаның ережесі қолданатын U санатты заттарды тасымалдау жағдайында;"

2626-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2626. Осы тараудың талаптарына қосымша ҚЖТТХК және АЖТТХК қолданылатын ережелер орындалуы қажет. Барлық кемелерде ҚЖТТХК ережелерін сақтамай қауіпті жүктерді тасымалдауға тыйым салынады."

2633-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) химиялық әсерге төзімді және авариялық жағдайларда пайдалануға арналған қорғаныс киімдерінің төрт толық жиынтығы. Қорғаныс киімдері дененің ешқандай қорғалмаған бөлігі қалмайтындай етіп бүкіл тері қабатын толық жабады және жүктердің қасиеттеріне қарай ҚЖТТХК немесе АЖТТХК ұсынымдарына сәйкес келуі тиіс;"

2643-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2643. Осы тараудың талаптарына қосымша ҚЖТТХК қолданылатын ережелері орындалады;"

3420-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3420. Дедвейті 20000 т және одан астам шикі мұнайды тасымалдауға арналаған әрбір танкерді шикі мұнайдың жуу жүйесімен жабдықтайды. Бұл жүйе түзетулер енгізілген МАРПОЛ 73/78 1-қосымшаның 33-қағидаларының талаптарына толық жауап беруге тиіс. Егер кеме көрсетілген қағиданың талаптарына сәйкес клетін шикі мұнайдың жуу жүйесімен жабдықталған болса, онда дедвейтке қатыссыз кемеңің негізгі сыныбына COW (осы Қағиданың 2-тарауының 10-параграфы) белгісі қосылады.

Шикі мұнай жуу жүйесі болған кезде кеме осы Қағиданың 282-тарауының талаптарына жауап беретін инертті газ жүйесімен жабдықталады. Құбырлардың шикі мұнайды жуу жүйесі, онымен байланысты жабдық пен құрылғы (құбыржолдары, жуу машиналары, сорғылар, тазалау жүйесі) А.497(ХІІ) және А.897(21) қарарымен өзгертілген, ИМО А.446(ХІ) қарарының ережелеріне сәйкес Шикі мұнай жуу жүйесінің құрылымына, пайдаланылуына және тексерілуіне қойылатын техникалық талаптарға сәйкес болуы тиісті. Танкерлердің шикі мұнай жуу жүйесі стационарлық құбыржолдарынан құрылуы тиіс және басқа жүйелерге тәуелсіз болуы тиіс. Жүк жүйесі учаскелері, олар танкердің шикі мұнай жуу жүйесі құбыршалдарына қойлатын талаптарды қанағаттандырған жағдайда, танкерлерді шикі мұнай жуу жүйесіне кіреді.";

5121-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5121. Кемелерге орнатылатын өртті байқау сигналдар жүйесі Кеме қатынасының тіркелімімен мақұлдануы қажет және осы тараудың талаптарынан басқа осы Қағиданың 161-тарауының 1-параграфының талаптарына және түзетулер енгізілген, ИМО Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC. 98(73) қарарымен қабылданған Өрт қауіпсіздігі жүйелері жөніндегі халықаралық кодексі (осы Қағиданың 138-тарауы) талаптарына жауап беруі қажет.";

5335-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Батарея журналының негізгі деректері ІХ СОЛАС-74 тарауымен регламенттелген кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын басқару жүйесінің кемелік құжаттарына енгізіледі."

5. "Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 73 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11114 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 25 шілдеде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысында:

144-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"144. Радиотехникалық қызмет түзетулер енгізілген 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция (бұдан әрі – СОЛАС-74) талаптарына сәйкес апаттық жағдайлар кезінде байланыстың ғаламдық теңіз жүйесі (бұдан әрі – ДТБАЖ) аппаратурасының үздіксіз жұмыс істеуін, кеменің теңізде қауіпсіз жүзуін, теңіз көлігі бойынша операторлық-диспетчерлік радиобайланысты қамтамасыз етеді. Радиотехникалық қызметке ДТБАЖ операторы ретінде кеменің барлық штурмандық құрамы кіреді.";

255-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеме дабылдары бойынша оқулар СОЛАС-74 жазылғаннан кем жүргізілмеуі тиіс."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК